

С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

# Тақырыбы: ВИЧ/СПИД

Қабылдаған:  
Орындаған: Жақсыбай Н  
Топ: 22-1к

Алматы, 2016ж.

# ЖОСПАР

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлімі

- 1.СПИД анықтамасы
- 2.Жұқтыратын жолдары
3. Алғашқы белгілері
4. СПИД-ке қарсы күрес

III.Қорытынды

IV.Әдебиеттер

# КІРІСПЕ

- ◎ Ғалымдардың есептеуі бойынша ЖИТС (СПИД) ең алғаш ХХ ғасырдың 70 жылдары АҚШ, Гаити, Африкада тіркелген, 1979-81 жылдары Нью-Йорк пен Лос-Анжелес дәрігерлері адамдардан иммунитеттің нашарлығын байқаған. Олар қан тамырының ісігі (саркома Капоши) және пневмонияның сирек формасымен ауыратын адамдар.
- ◎ 1982 жылы ауруларды бақылау орталығы жаңа ауру ЖИТС-ты тіркеді. 1983 жылы француз Люком Монта-нье мен американдық Роберт Галло ауру қоздырғышы туралы алғашқы мәлімет айтты.
- ◎ Осыдан соң олардың иммунитеттері әлсіреп, әртүрлі қатты аурулардың себебінен өлім жиіленгені туралы мақалалар жарық көрді. Бұл ЖИТС еді.


# ЖИТС

- ЖИТС (СПИД) – жүре пайда болатын иммунитет тапшылығын синдромы. ЖИТС – ауру емес, ол тек басқа жұқпалы аурулар-дың жұғуына жағдай жасайды. Яғни адам-ның қорғаныш қабілетін төмендетеді.



# ЖИТС ЖҰҒУ ЖОЛДАРЫ

Медицинада дәлелденуі бойынша, ЖИТС-тің қазіргі кезде негізгі жұғу жолдары мынадай: жыныстық қатынас; вирустың бірден қанға түсуі (әртүрлі инъекциялар жасаған кезде т. б. жағдайларда); анасынан нәрестеге жұғу арқылы.



- Жыныстық жол негізгі жұғу жолы болып табылады. ЖИТС адамдарға 80% жағдайында осы жолмен, яғни гетеросексуальдық (еркек-әйел) және гомо-сексуальдық (еркек-еркек) жыныстық қатынас кезінде жұғады. Ең қауіптісі — гомосексуальдық анальдық қатынас, өйткені партнерлердің жыныс мүшелерінің терісі, шырышты қабатының жарақаттануы жиі болады.



- ◎ Вирус адамға қан немесе қан құрамынан тұратын препараттар құйғанда да жұғуы мүмкін. Кейбір аурумен науқастанғанда, операция жасағанда, әйел босанғанда донор қанын құюға тура келеді. Егер донор ЖИТС-ке тексерілмеген болса, вирус жұқтыру қаупі өте жоғары. ЖИТС жұғу мүмкіндігі бар қатерлі топқа гемофилиямен ауырғандар да жатады. Өйткені қан ұюы өте нашар болғандықтан, қан кетуін тоқтату үшін оларға жиі-жиі қан құйып отырады.





- ◎ ЖИТС вирусының үшінші жұғу жолы — анасынан нәрестеге жұғуы. Ауырған немесе АИВ жұққан әйелдерден туған балалардың 4/5-не вирус осындай жолмен жұққаны белгілі болды. Егер де анасы нашақор немесе жезөкше болса нәрестеге вирус жұғу қаупі бірнеше есе артады. Вирус нәрестеге қалыпты босану кезінде, баланы операция жасап алғанда және жүктілік кезінде жұғуы мүмкін. ЖИТС-тің нәрестеге науқас анасының емшек сүті арқылы жұғу оқиғалары да белгілі.



# АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІ

- -негізі жоқ, қашан да кетпейтін бір шаршау.
- -қалшылдау, безгектегідей тоңу, түн бойына қалжырататын тер.
- -бездердің ұлғаюы(лимфа түйіндеріндерінің үлкеюі, әдетте мойында, қолтықта немесе шатта)осылар ешқандай аурудың жоқ кезінде байқалады.



- -ауыз қуысында айырықша бұрын болмаған ақ теңбілдер байқалады.
- -айлап созылатын тұрақты құрғақ жөтел, әсіресе, оған тыныс алудың бұзылуы жетектелінеді.




# ЖИТС ЖҰҒУДАН ҚАЛАЙ САҚТАНАДЫ?

- ◎ Өртүрлі инфекциялардан сақтанудың ең тиімді тәсілі — вакцина егу. Алайда вакцина дайындау бағытында тыңғылықты зерттеулер жүргізіліп жатса да, ондай профилактикалық препарат алу әзірше қолдан келмей отыр.




- ЖИТС-пен науқастанудан сақтанудың маңызды шаралары мыналар:
- — әлеуметтік, халықаралық, мемлекеттік шаралар;
- — жеке басты қорғауға бағытталған шаралар.



- Профилактиканың басты міндеті — ЖИТС тасымалдаушыларды анықтап, жұғу арнасын сенімді түрде жауып тастау. Осы мақсатта көптеген елдерде мынадай шаралар жүргізіліп жатыр: халықтың (тұрғындардың) кейбір топтарын сөзсіз және жоспарлы түрде лабораториялық тексеруден өткізу; донорлық, қанды, сперманы, органдарды тексеру; гемофилиямен ауыратындарды, нашақорларды, гомосексуалистерді, жезөкшелерді тексеру;





- ауырғандарды арнайы ауруханаға жатқызу және емдеу; сенім телефондарын ұйымдастыру; ЖИТС-пен ауырғандарға консультация және көмек беретін комиссия жұмысын ұйымдастыру; диагностикалық орталықтар, кабинеттер ашу т. б.



# СПИД ҒАСЫР ІНДЕТІ

- Жүре біткен иммундық тапшылық синдромы (СПИД) «ғасыр індеті» екені бәрімізге аян. Қазіргі таңда ВИЧ індетіне шалдыққан 11 396 адам тіркеуде тұр. Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары және Алматы қаласында осы кеселмен ауыратындар жалпы республикалық көрсеткіштің 65 пайызын құрап отыр.

# СПИД-ке қарсы күрес

ҚАЗАҚСТАНДА 13 МЫҢ ВИЧ ИНФЕКЦИЯСЫН ЖҰҚТЫРҒАНДАР  
БАР. ОЛАРДЫҢ 100 ШАҚТЫСЫ СПИД ПЕН АУЫРАТЫНДАР. БҰЛ  
МӘЛІМЕТТЕРДІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ӨКІЛДЕРІ МӘЛІМ ЕТТІ. КЕШЕ БҮКІЛ ӘЛЕМ СПИД-КЕ ҚАРСЫ  
КҮРЕС КҮНІН АТАП ӨТТІ. ЖЕЛТОҚСАННЫҢ 1-І – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК  
ВИЧ/СПИД ИНДЕТІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ.



## ҚОРЫТЫНДЫ

- ◎ Қорыта келгенде, академик Н. М. Амосов айтқандай:  
“Денсаулығың мықты болуы үшін мәнді өз күшің болу қажет, оны еш нәрсемен ауыстыруға болмайды.”
- ◎ . Болашағымыз нұрлы, еліміздің ертеңі нұрлы болсын десек, ел болып, халық болып болашағымызды, ұлтымызды, тегімізді жоғалтып алмау үшін нашақорлық, СПИД, ішімдік, темекіден бойымызды аулақ ұстап, салауатты өмір салтын насихаттайық.

# ӘДЕБИЕТТЕР

- ◎ 1. Патрик Диксон «ЖҚТБ/СПИД/ЖИТС туралы шындық»
- ◎ 2. Котова А. Л., Құдайбергелұлы Қ., Дерябина Л. В. СПИД – ғасыр індеті/ Алматы: Ғалым, 2000
- ◎ 3.Өмешұлы Ә. Салауатты өмір – ден саулық кепілі. Алматы: Білім – 1999
- ◎ 4.Оразақов Е. Денсаулық туралы кеңес. Алматы - 1981